Бекітемін:
«Қарақұм бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
директоры ________ А.Әмірханова
« ___ » ________ 2024ж

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Қарақұм»бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорны 2024-2025 оқу жылына арналған логопед маманының ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы.**

**(Кіші топ)**

**2024-2025ж**

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: «Қаракұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**

**Балалардың жасы: 2-3жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы. 1-2апта. 02.09-13.09.2024 ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **Негізгі бөлім:**<br>Біз бүгінгі сабақта алдымен әркайсың аттарыңды айтып өздерің туралы айтып кетесіңдер.<br>-Атың кім? Жасың нешеде? Қайда тұрасың?<br>Бұл кімдер? Сенің Отбасыңда неше адам тұраса, сонша сөздің шартты белгісін жаз.<br> <br>-Иә балалар,олар «А» дыбысы, әрпінен басталады екен.<br>«А» әрпін тауып көрсетіңдерші.<br>(Жұмбак) Екі аяғы бар,<br>Ортасында таяғы бар (А)<br>**Артикуляциялық жаттығулар:** Ауыз кеңінен ашылған. Еріндері қалыпты жағдайда. Тілдің ұшы төменгі тіс деңгейінде, тілі жалпақталған. Сыртка шығатын ауа жолында ешқандай бөгет болмайды. Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі байқалады. Сипаттама.Жуан дауысты дыбыс.Тексшені қандай түспен бояйсың? | | | | |

Аа 

АААААААААААА-дыбысын әндетіп айтамыз.Ауызда еш кедергі жоқ,дыбыс еркін шығады.

**Дауыстың ырғағымен оқы .**




**Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.**

**Санамақ** ойынын ойнаймыз.Бармақтарды бір-біріне тигізіп отбасы мүшелерін айтып кетеміз.

-Кәнеки:

-Мынау бас бармақ-менің атам

-мынау балан үйрек –менің апам

-мынау ортан терек –менің әкем

-мынау шылдыр шүмек -менің анам

-мынау кішкентай бөбек –ол мен -Айман.

-Бәрін қосқанда болады - бес адам.

Отбасымның барлығы басталып тұр «А» деген әріптен.

**Сәйкес суретті тез ата. Суретпен жұмыс.** Олар үйде немен айналысады?

-Атам зейнеткер,үйдегі малға қарайды,астан кейін бата айтады

Апамда зейнеткер,бала қарайды,ұршық иіреді.

Әкем менің кәсіпкер.Отбасын асырайды.

Анам болса –ұстаз болып қызмет атқарады

Ал,мен бірінші сыныпта оқмын.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы:2-3 жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы. 3-4 апта. 16.09-27.09.2024ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлесуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Негізгі бөлім**<br>-Балалар менің аузыма мұқият қарандар,мен қай дыбысты айтқым келіп тұр?<br>-Дұрыс, «О», «Ө», «У» дыбысының кескінін көрсетіп тұрмын.<br>Енді бүгінгі сабақта «О», «Ө», «У» дыбысы,әрпімен танысамыз.<br>**Артикуляция ерекшеліктері**. Еріндері дөңгеленіп алға қарай созылған.Тілінің ұшы төменгі тістерден алыстап тұрады, тілдің үстіңгі бөлігі біршама көтерілген. Сыртқа шығатын ауа еркін өтіп кетеді. Дыбыс жолдары қалыпты (даусы шығады).<br>Сипаттама. Жуан дауысты дыбыс,демек текшені қызыл түспен бояймыз.Ол сөзде созылып,әндетіліп оқылады.<br>Оо  о <br>Кеудеге мұрын арқылы ауа толтырып ал,енді аузыңды дөңгелектеп кеудедегі ауа таусылғанша әндетіп «О» дыбысын айт.<br>О-----О-----О------О-----О------О<br>**Әріпті дауыстың ырғағымен оқы.**<br>А ↘ О ↗ А ↘ О ↗ А ↘ О ↗ А<br>**У-----У------У------У------У------У** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **Ойын «Тез ойла, сөз ойла»**<br>Балалар мен сендерге сөздер айтамын сендер алдарында жатқан таблицаларды сөздің басында «О» дыбысын»естісеңдер көтеріңдер. Ары қарай сөздің ортасында және аяғында естісең көтер.<br>**Суретпен жұмыс.** Балаларға суретпен жұмыс. Суретте жемістер мен көкөністер туралы мәлімет беру. Жеке атауларын айтқызу.<br>Сөздің басы «О»дыбысынан басталатын қандай жұмбақты білесіңдер?<br>Жұмбақ<br>Сақинаға қарайық<br>Ұқсайды оған қай әріп? (о)<br>Тізіле өскен тісі бар.<br>көп істеген ісі бар.(орақ)<br>«Бұл не?»<br>Барлық ойыншықтарды көпше-жекеше түрде ата. |

Тексерілді
Шеншер

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы.1-2 апта 30.09-11.10.2024 ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Енді бүгінгі сабақта «Ә, И, Ы» дыбысы, әрпімен танысамыз.Ә-----Ә-----Ә-----Ә-----Ә<br>Дыбыстардың кескінін сақтап әріптерді оқы,қайтала.ӘӘӘ-У У-ӘӘӘ ӘӘӘ-Т Т-ӘӘӘ<br>Ы------Ы------Ы-------Ы-------Ы<br>«Ы» дыбысын буында анық айт,оқы.<br>ЫЫЫТ (ЫТ) ТЫЫЫ (ТЫ) ТЫ-ТЫ-ТЫ ТО-ТЫ<br>ЫЫЫМ (ЫМ) МЫЫЫ (МЫ) МЫ-МЫ-МЫ МЫМ<br>**Тіл ширату.**<br>Ын-Ын-Ын нЫ-нЫ-нЫ Ыз-Ыз-Ыз<br>ТорсЫқ толЫ сусЫн шайға толЫ шЫнЫ Әже құйшы кЫмЫз<br>Ыр-Ыр-Ыр Тұтат барЫп самауЫр И----И-----И-----И-----И-----И Қайтала.<br>ИИИТ ТИИИ ТИТ ТИ-ТИ-ТИ<br>ИИИН НИИИ НИН НИ-НИ-НИ<br>Саусақ жаттығулары<br>«Барабанда ойнаймыз»<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол маторикасын дамыту.<br>«Барабанда ойнаймыз » деген белгі келгенде, сұқ саусақтарын жоғары – төмен қозғайды.<br>Суретпен жұмыс. Балаларға күз мезгілі туралы түсінік қалыптастыру. Белгілерін айтқызу. Мазмұнды суретті көрсету арқылы.<br>**Тіл ширату** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Ия-Ия-Ия Ие-Ие-Ие<br>Басына кИ такИя Бакта пісті шИе |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі Қазан айы. 3-5 апта. 14.10.-01.11.2024 ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Негізгі бөлім.<br>Балалар біз бүгінгі сабақта қандай дыбыс өтетінімізді табыңдар.<br>Мен қандай дыбысты айтқым келіп тұр, аузыма қарап табыңлар.<br>-Дұрыс «М» дыбысы,әрпі екен.<br>Енді осы дыбыстың артикуляфиясфмен танысып кетейік: Айнаны алып көрсетіңдер.<br><br>Мм<br>Артикуляция ерекшеліктері. Еріндері жабық және ашылмайды,іштен шығатын ауа жолдары мұрын арқылы өтеді. Тілдің ұшы төменгі тіс қатарынан аздап ажыраған, тілі жалпақталған. Дыбыс жолдары жұмыс істейді, тамақ дірілі білінеді.(дауысы шығады).<br>Сипаттамасы. Үнді, дауыссыз дыбыс.Текшені қандай түспен бояймыз.<br>Мысық қалай дыбыстайды? | | | | |




Қайтала. «Ұстап ал». Дыбыстардың артикуляциясын сақта.

| | | | |
|---|---|---|---|
| МММ-А (МА) | МММ-Ү (МҮ) | МАМ | МҮМ |
| ММММ-О (МО) | МММ-І (МІ) | МОМ | МІМ |
| МММ-У (МУ) | МММ-Ә (МӘ) | МӘМ | МӘМ |

**Суретпен жұмыс.** Дене мүшелері туралы түсінік қалыптастыру. Жеке бөліктерін айтқызу. Бала өз дене бөліктерін көрсете алуды үйрету.

**«Дыбыстары қалай атаймыз?»**

| Бұл не? | Қалай дыбыстайды? | Төлін қалай атайды? | Не береді? | Одан не жасайды? | Тамағына не жейді,ішеді? |
|---|---|---|---|---|---|
|  | МММ-Ө |  Бұзау |  |  |  |
|  | МММ-Ә |  Қозы |  |  |  |
| Жануарлардың төлін атау | | Суреттерге мән беру | | Астың аталуы | Өрістегі қойлар |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы.1-2 апта. 04.11-15.11.2024ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>Балалар бәріміз менің аузыма мұқият қарап мен қай дыбысты айтайын деп тұрғанымды табыңдар.<br>-Ия, дұрыс «Б, П» дыбысы, әрпі екен.<br>Ендеше осы дыбыстың кескінімен танысып кетейік:<br>Қолдарыңа айнаны алыңдар, менен кейін қайталап көрсетіңдер.<br><br>Бб<br>Артикуляция ерекшеліктері. Еріндері қабысқан.Дыбыс іштен шыққан ауаның толқынымен ерінді жарып шығады.Тілдің ұшы төменгі тістерден ажырап жұтқыншаққа қарай тартылып тұрады.Тілі жалпақталған . Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі байқалады.(дауысы шығады).<br>Сипаттама. Дауыссыз,ұяң дыбыс.Тешені қандай түспен бояймыз?<br>Бақа қалай дыбыстайды? | | | | |




БА-БА-БА  БА-ТА  БІ-БІ-БІ  БИ-БІ
БО-БО-БО  БО-ТА  БУ-БУ-БУ  ТУ-БІ
БУ-БУ-БУ  БУ-МА
Жаңылтпаш.
Бақ-Бақ Бақта Бар.  Мынау Бал қаймақ.
Бақа да Бақта Бар.  Қай Балқаймақ
Пп

Артикуляция ерекшеліктері. Еріндері қабысқан.Дыбыс шығатын шыққан ауаның қатты толқынымен ерінді жарып шығады.Тілдің ұшы төменгі тістерден ажырап жұтқыншаққа қарай тартылып тұрады.Тілі жалпақталған . Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі байқалмайды.(дауыс жоқ).Сипаттамасы: қатаң, дауыссыз дыбыс.
Тексеріі как тегіпен бойынша



П-П-П-П-П-П
**«Сәйкестендір» Буындарды дұрыс,анық айт,оқы.**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ПА | П | → | | ПА-ПА-ПА | АП-АП-АП | А-ПА |
| ПО | О | → | П | ПО-ПО-ПО | ОП-ОП-ОП | О-ПА |
| ПУ | У | → | П | ПУ-ПУ-ПУ | УП-УП-УП | ПУП |
| ПЫ | Ы | → | П | ПЫ-ПЫ-ПЫ | ЫП-ЫП-ЫП | ПЫП |
| ПИ | И | → | П | ПИ-ПИ-ПИ | ИП-ИП-ИП | ПИП |

**Суретпен жұмыс.** Киімдерді таныстыру. Қалың және жұқа киім түрлерімен таныстыру. Мазмұнды суретпен жұмыс.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МККК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы. 3-4 апта 18.11-29.11.2024ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама откізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>-Балалар менің аузыма мұқият қараңдар,мен қай дыбысты айтқым келіп тұр?<br>-Дұрыс. «Т»дыбысының кескінін көрсетіп тұрмын.<br>Енді бүгінгі сабақта «Т»дыбысы, әрпімен танысамыз.<br>Сендерде қолдарыңа айнаны алып кескінін қайталап көрсетіңдер.<br>Артикуляция ерекшеліктері.Ауыз сәл жымиған, тістер көрінеді. Тілдің ұшы жоғары тіс қатарына тірелген, тілдің үстіңгі бөлігі төмен түскен. Іштен шыққан ауаның толқынан тіл тістен ажырайды. Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі байқалмайды.(дауысы шықпайды).<br>Сипаттамасы. Қатаң, дауыссыз дыбыс.<br>Тт <br>Пулеметті атқанда қандай дыбыс шығады?<br> **Т-Т-Т-Т-Т-Т-Т-Т-Т-Т-Т-Т**<br>«Т» дыбысының кескінін сақтап қайтала.<br>ТА \| ТО \| ТУ \| ТЫ | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| АТ | ОТ | УТ | ЫТ |

**Қайтала.**

Та-Та-Та

Қайтала, тез айт, анық айт.

ұрТ-ұрТ-ұрТ аТ-аТ-аТ орТ-орТ-орТ

пісті бақта алмұрТ ТәТТі қарақаТ жемістен жасалған ТорТ

Үй құстары және жабайы құстарды ата. Суреттерді ата. Бір сөзбен қалай атайды? Сұрақтарға жауап бер.

**Ф/ж: «Төртінші артық».**



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**

**Балалардың жасы: 2-3жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезеңі:Желтоқсан айы. 1-2 апта 02.12-13.12.2024ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>«К, Қ, Х» дыбысы, әрпі.<br>Тақтадағы суреттерге қараймыз. Қай дыбыстан басталып тұр?<br>-Иә «К, Қ, Х» дыбысы,әрпі.<br>Осы дыбыстың кескінімен танысып кетейік:<br>Кк<br>Артикуляция ерекшеліктері. Тілдің ұшы төменгі тістер қатарынан аздап ажыраған, тілдің үстіңгі бөлігі тік көтеріліп, қатты таңдайға тиеді.Сыртқа шыққан ауаның толқынымен тілдің үстіңгі бөлігі таңдайдан ажырайды.<br>Дыбыс жолдары дем алады, тамақ дірілбайқалмайды.(дауысы шықпайды). | | | | |

Қораз ертемен тұрып қайтеді?




Дыбыстардың артикуляциясын сақтап буындарды қайтала.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| КӘ | КӨ | КИ | КҮ | КІ | КТӘ | КӨК |
| ӘК | ӨК | ИК | ҮК | ІК | ӘКТ | КІК |

КА-КО-КУ АК-ОК-ҮК КТӘ КӘК
КӘ-КИ-КҮ ӘК-ИК-ҮК КТИ КӨК
КҮ-КІ-КӨ ҮК-ІК-ӨК КТІ КІК

**Тілширату.**

Ке-Ке-Ке
Секіреді шегіртКе

іК-іК-іК
Су жағалап жүр инеліК

еК-еК-еК
гүлге қонды КөбелеК

**Суретпен жұмыс.** Сурет бойынша сөйлем құрастыр, жеке ыдыс атауларын ата. Ыдыс-аяқтардың не үшін қажет екенін сұрау?

Осы дыбыстың кескінімен танысып кетейік:

**Кк**



Артикуляция ерекшелігі. Ауыз сәл ашық,тіл көмейге қарай тартылады,тілдің арт жағы жұмсақ таңдайға тиеді.Дыбыс Іштен шыққан ауаның қатты толқынымен тілдің арт жағы мен жұмсақ таңдайды жарып шығады.

Сипаттама. Дауыссыз,қатаң дыбыс.

Тек көк түспен бояллады.

Қ-Қ-Қ-Қ-Қ-Қ
Тауық балапандарын тамаққа қалай шақырады?






«Қ» дыбысының артикуляциясын сақтап буындарды қайтала.

ҚА-ҚО-ҚУ | АҚ-ОҚ-УҚ | ҚАҚ-ҚОҚ-ҚЫҚ
ҚҮ-ҚЫ-ҚИ | ҮҚ-ЫҚ-ИҚ | ҚТА-ҚТО-ҚТУ-ҚТЫ

Тілшірату.

Қа-Қа-Қа
Анам таҚты алҚа
аҚ-аҚ-аҚ
Қыздар тағады моншаҚ

аҚ-аҚ-аҚ
оюланған сырмаҚ

ыҚ-ыҚ-ыҚ
Сусын толы торсыҚ

ыҚ-ыҚ-ыҚ
Әжем иіріп отыр ұршық

**Жеке суретпен жұмыс.** Суреттегі заттарды ата, қай дыбыстан басталады?

   

-Демек бүгінгі сабақта қай дыбысты өтеді екенбіз?
-Иә,»Х» дыбысы,әріп екен.
Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысайық.

**Хх**

Артикуляция ерекшеліктері. Тілдің ұшы төменгі тіс қатарынан аздап ажыраған, тілдің үсті катты төмпек болып жоғары көтерілген. Дыбыс жолдары тыныштапған, тамақ дірілі білінбейді.(дауысы шықпайды).

Сипаттама.Дауыссыз,қатаң дыбыс.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі:Желтоқсан айы. 3-4апта 16.12-27.12.2024ж**

<table>
<tr><th>Күн тәртібінің үлгісі</th><th>Дүйсенбі</th><th>Сейсенбі</th><th>Сәрсенбі</th><th>Бейсенбі</th><th>Жұма</th></tr>
<tr><td>Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.</td></tr>
<tr><td>Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру</td><td colspan="5">Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жалнама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td colspan="5">Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>Сабағымызды бастамас бұрын ерінге арналған жаттығулар жасайық: «пілдің тұмсығы», бақа».<br>Тілге арналған жаттығулар: «кесе», «күрекше», «тәтті тосап», «алтыбақан».<br>Тыныс алу дем шығаруды реттейтін жаттығулар. «футбол», «гүл иіскеу».<br>Балалар суретке қараңдаршы қай дыбыстан басталып тұр?<br>Демек бүгінгі сабақта «В» дыбысы,әрпін өтеді екенбіз.<br>  <br>Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысайық:<br> Вв<br>Артикуляция ерекшеліктері. Төменгі ерні біршама ішке тартылған,және жоғарғы тістерге қабысқан.Үстінгі ерні сәл көтерілген.Жоғарғы тістері көрініп тұрады.Тілдің ұшы төменгі тістерден аздап ажыраған, тілі жалпақ.Іштен шығатын ауа жоғарғы тістер мен төменгі еріннің арасынан өтеді.Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі байқалады.(дауысы шығады).</td></tr>
</table>

«В» дыбысын буында дұрыс, анық айт, қайтала.

В → А　　ВА-ВА-ВА　АВА　ВОВ　ПВА
В → О　　ВО-ВО-ВО　ОВО　ВОВ　ПВО
В → У　　ВУ-ВУ-ВУ　УВУ　ВУВ　ПВУ

Суреттегі заттарды ата. Бір сөзбен қалай атайды? Сөзде «В» дыбысын анық айт, қайтала.

    

аВ-то-бус　Воль-Во (жеңіл маш)　трам-Вай　поезд　Ұ-шақ

    

Тік ұшақ　по-ро-ход　Ве-ло-си-пед　трак-тор　ка-маз

**Суретпен жұмыс. «Қыс мезгілі»- тақырыбындағы зат есім сөздерге сын есім сөздерін тіркестіріп сипаттама беру.**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі:Қаңтар айы. 1-3 апта 30.12-17.01.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар:<br>А-О-У-И дыбыстарын қайталаймыз.<br>Тілге арналған жаттығулар:»ине»,»күрекше»,»тәтті тосап»,»алтыбақан».<br>Тыныс алу дем шығаруды реттейтін жаттығулар.(үлестірмелі заттармен). Суреттегі заттарды ата,бірінші дыбысын тап.<br>   -Ия, бұл дыбыс «Г» дыбысы екен. Енді балалар осы дыбыстың артикуляциясымен танысайық:<br>Гг<br>Артикуляция ерекшеліктері. Тілдің ұшы төменгі тістер қатарынанан ажырағаң, тілдің үстінгі бөлігі тік көтеріліп, жұмсақ таңдайға тиеді.Іштен шыққан ауаның толқынынан тіл таңдайдан ажырайды.<br>Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі байқалады.(дауысы бар)<br> | | | | |

Тақтадан мына буындарды қайталаймыз, дыбыстық талдау.

| | | |
|---|---|---|
| ГА | АГ | ГА-ГА |
| ГО | ОГ | ГО-ГО |
| ГУ | УГ | ГУ-ГУ |
| ГИ | ИГ | ГИ-ГИ |
| ГЕ | ЕГ | ГЕ-ГЕ |
| ГӨ | ӨГ | ГӨ-ГӨ |

«Ғ» дыбысы, әрпі.

Тақтадағы суреттерге қараймыз. Қай дыбыстан басталып тұр?

-*Ия «Ғ» дыбысы,әрпі.*

Осы дыбыстың кескінімен танысып кетейік:

Ғғ

Артикуляция ерекшелігі.Ауыз сәл ашық,тіл тістерден алшақ орналасқан,тілдің арты жұмсақ таңдайға көтеріледі.іштен шыққан ауаның қатты толқынымен кішкентай тілшік дірілдейді.Сипаттама.Дауыссыз,ұяң дыбыс.Текше көк түспен боялады.

Ғ---Ғ----Ғ-----Ғ----Ғ----Ғ

**Тілширату.**

Ға-Ға-Ға
Шегені қаҒады балҒа
Ғы-Ғы-Ғы
Қоқысты тазалайды сыпырҒы

Ғы-Ғы-Ғы
Шұрып бұрҒылайды бұрҒы
Ға-Ға-Ға
Аттың тұяҒына қағылды таҒа

**Сурет бойынша жұмыс. «Қысқы ойындар»**

Балаларға түрлі сыйлықтардың суреттері беріледі, сол суретті әдемі етіп қояп беруі қажет.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы. 4-5 апта 20.01-31.01.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>**Негізгі бөлім.**<br>-Ия «С, З» дыбысы,әрпін буында машықтандырып үйрендік.<br>Енді осы дыбысты сөзде, сөйлемде машықтандырып үйренеміз.<br>**«С» дыбысының артикуляциясын сақтап сөзді анық айт!**<br>СА → ТЫ, ҒАТ, МАТ<br>СА → НА, ҚА, ҚИНА<br>СУ → АТ, ЫҚ, ЛЫ<br>МА, ЖА, АЛА → СА<br>АНАН, АРАЛ, ЖУА → АС<br>ТУ, ҚАМ, БАТ → ЫС<br>Бір сөзбен қалай атайды?<br>    <br>Сабын Сүлгі Су сабын тіС паСтаСы ыСқыш | | | | |


тіС ыСкыш


тарақ


иіС Су


айна


фен

Балалар мынау ненің суреті?
-Ия, зебр.
Ол кай дыбыстан басталып тұр?
Демек біз бүгінгі сабакта кай дыбысты өтеді екенбіз? «З»дыбысы.
Ендеше осы дыбыстың артикуляциясымен танысайық:



Артикуляция ерекшеліктері. Еріндері жымиғанға ұқсайды. Тістер бір-біріне жақындаған,тілдің ұшы астыңғы тістің артына тірелген.Екі жағы үстінгі азу тістерге тиеді,аркасы көтерілген. Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс аткарады, тамақ дірілі білінеді.(дауысы шығады).

Сипаттама. Дауыссыз,ұяң,ызың дыбыс.

Маса.Маса ұшканда кандай дыбыс шығады? Кім айтады?




«З» дыбысының артикуляциясын сакта... ...ды дұрыс қайтала.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ЗЗЗА | АЗЗЗ | ЗА-ЗО-ЗУ | АЗ-ОЗ-УЗ | ЗДА |
| ЗЗЗО | ОЗЗЗ | ЗӘ-ЗӨ-ЗИ | ӘЗ-ӨЗ-ИЗ | ЗДО |
| ЗЗЗУ | УЗЗЗ | ЗӘ-ЗІ-ЗИ | ӘЗ-ІЗ-ИЗ | ЗДУ |

| | |
|---|---|
| | ЗЗЗЫ ЫЗЗЗ ЗЫ-ЗУ-ЗА ЫЗ-УЗ-АЗ ЗДЫ<br>З-З-З-З-Ә Ә-ЗЗЗЗ ЗӘ-ЗЕ-ЗИ<br>З-З-З-З-Е Е-ЗЗЗЗ ЗӨ-ЗІ-ЗӘ<br>З-З-З-З-И И-ЗЗЗЗ ЗИ-ЗЕ-ЗӨ<br>З-З-З-З-Ө Ө-ЗЗЗЗ ЗІ-ЗЕ-ЗӨ<br>З-З-З-З-І І-ЗЗЗЗ ЗИ-ЗӘ-ЗІ<br>Суретпен жұмыс. «Жаңа жыл келді» тақырыбындағы зат есім сөздерге сын есім сөздерін тіркестіріп сипаттама беру. Тақпақ өлең жодарын қайталату. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МККК**

**Балалардың жасы: 2-3жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы. 1-2 апта 03.02.-14.02.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе балалан сұрау. | | | | |
| Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар:<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасату.**<br>Біз бүгін «Д» дыбысы, әріпімен танысамыз.<br>Оның артикуляциясы:<br>Аузымыз жымиғанға ұқсайды,тілдің ұшы үстіңгі альвеолаға тіреледі.<br>Айнаны алып бәріміз көрсетеміз.<br>Машина оталғанда қандай дыбыс шығады?<br>Д-Д-Д-Д-Д-Д<br><br><br>**«Д» дыбысының артикуляциясын сақтап буынды анық, дұрыс қайтала.**<br>ДА АД ДӘ ӘД ДА-ДО-ДУ АД-ОД-УД<br>ДО ОД ДЕ ЕД ДУ-ДА-ДО УД-АД-ОД<br>ДУ УД ДИ ИД ДӘ-ДЕ-ДИ ӘД-ЕД-ИД<br>ДҮ ҮД ДІ ІД ДІ-ДӘ-ДЕ ІД-ӘД-ЕД | | | | |

| | |
|---|---|
| | **«Тез ойла соз ойла» .**<br>Да-Да-Да    Дақ  Дат  Да-на  Да-уыс  са-Дак  о-Дақ  қа-Да  -ла<br>До-До-До   Доп  Дос  Дой-бы  До-Да  Дор-Ба До-ла-на Дом-бы-ра<br>Ду-Ду-Ду    Ду-ман  Ду-а-на  Ду-а-Дак Ду-дар  Ду-лат<br>Дә-Дә-Дә   Дән   Дә-ке  Дә-рі Дә-ліз  Дәм-Ді  Дә-не-кер<br>Де-Де-Де   Дем  Де-не Дем-Де  кә-Де  бе-Де   е-Ден жей-Де  же-Дел<br>**Суретпен жұмыс. «Менің сүйікті үй жануарым»-тақырыбында әңгіме құрау. Жануарларға сипаттама беру. «Түлкі қандай?»-сұрағына жауап беру.**<br>Қортынды. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**

**Балалардың жасы: 2-3жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезең:Ақпан айы. 3-4 апта 17.02-28.02.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>**Негізгі бөлім.**<br>Балалар бәріміз менің аузыма мұқият қарап мен қай дыбысты айтайын деп тұрғанымды табыңдар.<br>-Ия, дұрыс «Н» дыбысы, әрпі екен.<br>Ендеше осы дыбыстың кескінімен танысып кетейік:<br>Қолдарыңа айнаны алыңдар, менен кейін қайталап көрсетіңдер.<br>**Нн**<br>Артикуляция ерекшеліктері. Тілдің ұшы жоғарғы тістерге тіреліп тұрады, тілдің үстіңгі бөлігі түсіңкі. Іштен шығатын ауа мұрын арқылы өтеді.Еріндері жымиғанға ұқсайды,тістер көрінеді. Дыбыс жолдар қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі білінеді.(дауысы шығады).<br>Сипаттамасы Үнді, дауысыз дыбыс.Текшені көк түспен<br>Жұмбақ. Екі тіреу | | | | |

Басқышы біреу. (Н)

Суреттегі затты ата. Қай дыбыстан басталады?



«Дыбысты ата және қайтала».

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| НА | НО | НУ | НЫ | НИ | НҮ | НІ | НА-НА |
| АН | ОН | УН | ЫН | ИН | ҮН | ІН | АН-АН |

| | | | |
|---|---|---|---|
| НА-НО-НУ<br>НИ-НҮ-НІ<br>НҮ-НЫ-НО | АН-ОН-УН<br>ИН-ҮН-ІН<br>УН-ЫН-ОН | НАН<br>НОН<br>НУН | НТА<br>НТО<br>НТУ |

Тілшірату.
аН-аН-аН
таНдырға піскеН ыстық НаН

оН-оН-оН
түскі асқа макароН

-Ол «Н» әрпі. дыбысы екен. Демек біз бүгін осы дыбыстың артикуляциясымен танысамыз.

Ң

Артикуляциялық ерекшелігі.Ауыз сәл ашық,астыңғы жақ сәл түсінкі.Тіл көмейге қарай тартылады артқы жағы жұмсақ таңдайға қарай көтеріледі.Дыбыс іштен шыққан ауаның толқынымен мұрын арқылы шығады.

Сипаттам. Дауыссыз,үнді дыбыс.

Қолдарыңа айнаны алып кескінін қайталаңдар.

| | |
|---|---|
| | Ң----Ң-----Ң-----Ң-----Ң------Ң<br><br>«Ң» дыбысын буында оқы,қайтала.<br>Ң------------А  А-------------Ң   АҢ-АҢ-АҢ   ҢА-ҢА-ҢА   ҢҚА<br>Ң-----------О   О-------------Ң   ОҢ-ОҢ-ОҢ   ҢО-ҢО-ҢО   ҢҚО<br>«Ң» дыбысын сөзде анық айт, қайтала.<br>АҢ  АҢ-ҚАУ  АҢ-ШЫ  АҢ-ЫЗ  ҚАҢ-ҚА  ҚАҢ-БАҚ  ТАҢ  ШАҢ |
| | ОҢ  ОҢ-ҚА  ОҢ-ҒА  ҚОҢ-ҚА  ТОҢ-ҒАҚ  ТОҢ  ҚОҢ  ЖО-ҢЫШ-ҚА<br>ҢА-ҢА  ЖА-ҢА<br>**Суретпен жұмыс. Көлік түрлерін ажырату, атап үйрену.Суреттерге қарап сөйлем құрау.**<br>**Қортынды.** |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**

**Балалардың жасы:2-3 жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезең: Наурыз айы. 1-2 апта 03.03-14.03.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялык жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар:<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасату.**<br>Ұйымдастыру кезеңі.а)Бүгінгі күнді хабарлау.<br>б)Тыныштыққа шақыру.<br>Сабақ басталмас бұрын артикуляциялық жаттығулар жасайық. Ерінімізге арналған А-О-У-И дыбыстарын қайталаймыз.<br>Тілімізге арналған жаттығулар: «ИНЕ», «КЕСЕ», «Сапырауқұлак», «Тәтті тосап».<br>Тыныс алу, дем шығаруды реттейтін жаттығулар.(үлестірмелі заттар.)<br>Айнаның алдында жұмыс.<br>Негізгі бөлім.<br>Ж  з <br>«Ж-З» дыбыстарын буында анық оқы.қайтала. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жа-За | аЖ-аЗ | ЖаЗ | Жә-Зә | әЖ-әЗ | ЖәЗ |
| Жо-Зо | оЖ-оЗ | ЖоЗ | Же-Зе | еЖ-еЗ | ЖеЗ |
| Жү-зү | үЖ-үЗ | ЖүЗ | Жү-Зү | үЖ-үЗ | ЖүЗ |
| Жы-Зы | ыЖ-ыЗ | ЖыЗ | Жі-Зі | іЖ-іЗ | ЖіЗ |

**V.**Сөзде «Ж-З»дыбыстарын анық айт, қайтала.

Жа-Жа-Жа ЖаЗ Жа-За Жа-Зым Жа-Зу-шы Жа-Зи-ра Жал-быЗ ЖаЗ-ды-ғү-ні

Жү-Жү-Жү ЖүЗ Жү-Зім ЖүЗ-ді жү-Зік

Жұ-Жұ-Жұ -Жұл-дыЗ

Же-Же-Же - ЖеЗ ЖеЗ-де ЖеЗ-ки-ік

Сөзде «Ж-З» дыбыстарын анық айт, қайтала.

ЖАҚСЫ ҚЫЗ- ЖАҒАДАҒЫ ҚУНДЫЗ.
ЖАҚСЫ ҰЛ-АСПАНДАҒЫ ЖҰЛДЫЗ.

ЖАҒЫМПАЗ НАДАН,
ЖАУДАН ЖАМАН.

ЖОРҒА МІНГЕН ЖЫЛҚЫШЫ
ЖОТАДА ЖЫЛҚЫ АЙДАУДА.
ЖИНАЛЫП КӨЛГЕ ЖЫЛ ҚҰСЫ
ЖАЙДАРЫ ЖАЗДЫ ТОЙЛАУДА

**Суретпен жұмыс. Пішіндер түрлерін ажырату, атап үйрену.Суреттерге қарап сөйлем құрау.**

Қортынды.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезең: Наурыз айы. 3-4 апта 17.03.-28.03.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>**Негізгі бөлім.**<br>Сабағымызды бастамас бұрын айнаның алдында артикуляциялық жаттығуларды жасайық:<br>«Шарбақ», «Бақа», «Саңырауқұлақ», «Тоқылдақ», «Алтыбақан», «Тәтті тоқаш».<br>Тыныс алу дем шығаруды реттейтін жаттығулар.(үлестірмелі заттар)<br>Біз бүгінгі сабақта «Л»дыбысы, әрпімен танысамыз.<br>Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысып кетейік:<br>Лл<br>Артикуляция ерекшеліктері.Еріндер жымиғанға ұқсайды. Тілдің ұшы үстіңгі тістің артына (альвеолаға) тіреліген Тілдің ортасы түсіңкі,арт жағы көтерілген,екі жағы түсіңкі.Тілдің формасы ер тоқымға ұқсайды.Іштен шыққан ауаның толқыны тілдің екі жағынан өтеді.Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады,тамақ дірілі байқалады.(дауысы шығады).Сипаттама.Үнді,дауыссыз дыбыс.<br>Текше көк түспен боялады. | | | | |

«Л» дыбысының кескінін сақтап буынды анық оқы.(қайтала).

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Л → А | А → Л | ЛА-ЛО-ЛУ | ЛТА | АЛП |
| Л → О | О → Л | АЛ-ОЛ -УЛ | ЛТО | ОЛП |
| Л → У | У → Л | ЛҮ-ЛЫ-ЛО | ЛТУ | УЛП |
| Л → Ы | Ы → Л | ҮЛ-ЫЛ-ОЛ | ЛТЫ | ЫЛП |
| ЛЛЛ -Ә | Ә-ЛЛЛ | ЛӨ-ЛЕ-ЛИ | ЛТӘ | ӘТЛ |
| ЛЛЛ -Е | Е-ЛЛЛ | ӘЛ-ЕЛ-ИЛ | ЛТЕ | ЕТЛ |
| ЛЛЛ -И | И-ЛЛЛ | ЛЕ-ЛІ-ЛЕ | ЛТИ | ИТЛ |
| ЛЛЛ -І | І-ЛЛЛ | ЕЛ-ІЛ-ЕЛ | ЛТІ | ІТЛ |

«Л»дыбысын анық айт.

ЛА-ЛА-ЛА Лақ лай Ла-шық Ла-зы аЛ-ма аЛ-ша шаЛ-қан баЛ

ЛЕ-ЛЕ-ЛЕ Ле-ген Лез-де е-Лес бе-лес кел-бет кі-Лем кө-бе-лек

ЛІ-ЛІ-ІЛ-ІЛ бі-Лім і-Лім ті-Лім кө-Лік же-Лім бө-лім

ЛЫ-ЛЫ-ЛЫ Лып Лы-қа ба-Лық то-Лық

ыЛ-ыЛ-ыЛ тыЛ жыЛ қыЛ би-ыЛ жи-ыЛ май-мыЛ

**Сурет бойынша сөйлем құрастыр. Тәулік бөліктерін түсіндіру. Жеке айтқызып айтқызу. Таң, кеш, түс мағынасын балаларға түсіндіру.**

**Қортынды.**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МККК**

**Балалардың жасы: 2-3жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезеңі:Наурыз айы. 5 апта 31.03.-04.04.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жадынама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату<br>Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар:<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасату.**<br>Бүгінгі сабақта «Р» дыбысы,əрпінің артикуляциясымен танысып кетейік.<br><br>**Рр**<br>Артикуляция ерекшеліктері:Ерін жымиғанға ұқсайды,тістер көрінеді. Тілдің ұшы жоғарғы тістің артына (альвеолаға) тірелген,екі жағы үстіңгі азу тістерге қабысқан. Тілдің формасы қасықка ұқсайды. Іштен шыққан ауаның қатты екпінімен тілдің ұшы діріллдейді.Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ ірені сақталған.(дауысы шығады)<br>Сипаттама.Дауыссыз, үнді дыбыс. Текшені көк түспен бояймыз<br>Ит ашуланғанда қайтеді? | | | | |




Р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-

**Р дыбысын буында анық айт, қайтала.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **РРР-А** | **А-РРР** | **РРР-Ә** | **Ә-РРР** | |
| **РРР-О** | **О-РРР** | **РРР-Е** | **Е-РРР** | |
| **РРР-У** | **У-РРР** | **РРР-И** | **И-РРР** | |
| **РРР-Ы** | **Ы-РРР** | **РРР-І** | **І-РРР** | |
| РА-РО-РУ | АР-ОР-УР | РӘ-РЕ-РИ | | ӘР-ЕР-ИР |
| РҮ-РЫ-РА | ҮР-ЫР-АР | РӨ-РЕ-РІ | ӨР-ЕР-ІР | ІР-ӘР-ИР |
| РУ-РО-РЫ | УР-ОР-ЫР | РІ-РӘ-РИ | | |

**«Тез ойла, сөз ойла». «Р» дыбысын сөзде анық айт, қайтала!**

Ра-Ра-аР Рай Рас Ра-зы Ра-кат а-Ра аР-ба аР-ша қаР шаР а-наР

Ро-Ро-оР Рой Ро-та о-Рак оР-та боР-сық а-гРо-ном хоР боР тоР

Ру-Ру-уР Рух Ру-ха-ни Ру-мын қа-Ру жа-Ру ба-Ру а-Ру то-Ру

Ры-Ры-ыР са-Ры сы-Рым қы-Рық бүй-Рық қо-Рық си-ыР кас-қыР қа-мыР

Рі-Рі-іР іРі кіР-ші і-Ріт-кі іР-ге-лі сі-Рің-ке ке-сіРт-ке біР кіР жем-шіР те-міР

**Сурет бойынша сөйлем құрастыр. Ертегіні оқып беру,талқылау. Суретке қарап толық сөйлем құрай арқылы түсінік айтқызу.**

**Қортынды.**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы:2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезең:Сәуір айы. 1-2 апта 04.04-18.04.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар:<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасату.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Балалар менің аузыма қарап қай дыбысты айтайын деп тұрғанымды табыңдар!<br>-Ия, «Й» дыбысы, әрпі екен.<br>Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысайық.<br>**Йй** Артикуляция ерекшеліктері.Еріндері жымиғанға ұқсайды.Тістері көрінеді.Тілдің ұшы астыңғы тістерден алшақ орналасқан,арқасы қатты жоғары көтерілген.Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады,тамақ дірілі байқалады (дыбыс шығады).<br>Й---Й---Й---Й---Й---Й<br>«Й»дыбысының кескінін сақтап буында дұрыс айт. | | | | |

АЙ ЙА ТАЙ
ОЙ ЙО ТОЙ
ӘЙ ЙӘ ТӘЙ
ЕЙ ЙЕ ТЕЙ

«Й»дыбысының кескінін сақтап сөзді анық оқы,қайтала

АЙ-АЙ-АЙ --- МАЙ ТАЙ ШАЙ А-ТАЙ А-ПАЙ МА-ТАЙ
ОЙ-ОЙ-ОЙ--- ТОЙ ҚОЙ А-ТОЙ
ҮЙ-ҮЙ-ҮЙ----КҮЙ ТҮЙ СҮЙ ТҮ-ЙЕ КҮ-ЙЕ

**V.**Суреттегі заттарды ата. «Й» дыбысының кескінін сақтап анық айт.






Нан маЙ шаЙ і-рім-шік шұ-жық сүт








аЙ-ран Йо-гурт каЙ-мақ құрт жұ-мырт-қа ет

**Суреттегі заттарды ата, қай дыбыстан басталады тап.**





Дұрыс. «Ф» дыбысы, әріпі екен.

Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысып кетейік: **Жеке дыбысты қою, машықтандыру.**

**Фф**

Артикуляция ерекшеліктері. Төменгі ерні біршама ішке тартылған,және жоғары тістерге қабысқан.Үстіңгі ерні сәл көтерілген.Жоғарғы тістері көрініп тұрады.Тілдің ұшы төменгі тістерден аздап ажыраған, тілі жалпақ.Іштен шыққан ауа жоғарғы тістер мен төменгі ерінің арасымен өтеді.Дыбыс жолдары тыныш,тамақ дірілі байқалмайды.(дауыс жоқ).Сипаттама.Дауыссыз,қатаң дыбыс. Текше көк түспен боялады.



«Ф» дыбысының кескінін сақтап буында анық, дұрыс айтып қайтала.

| | | | |
|---|---|---|---|
| ФА | АФ | ФАФ | ФТА |
| ФО | ОФ | ФОФ | ФТО |
| ФУ | УФ | ФУФ | ФТУ |
| ФЕ | ЕФ | ФЕФ | ФТЕ |
| ФИ | ИФ | ФИФ | ФТИ |

Суреттегі заттарды ата. «Ф» дыбысын сөзде анық айт, қайтала.Біз бұл заттарды не үшін қолданамыз?







Үй телеФон Ай-Фон планшет ком-пью-тер Факс





Те-ле-граФ пошта хат

**Суретпен жұмыс. Жаз тақырыбындағы сюжеттік суретке әңгіме құрау.**

Қорытынды.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**
**Балалардың жасы: 2-3жас**
**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**
**Жоспардың құрылу кезең: Сәуір айы. 3-4 апта 21.04-02.05.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе балалан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жарнама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикулациялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**І.Ұйымдастыру кезеңі.а)Бүгінгі күнді хабарлау.**<br>**б)Тыныштыққа шақыру.**<br>**Негізгі бөлім.** Балалар суретке қараңдаршы қай дыбыстан басталып тұр?<br>  <br>Демек бүгінгі сабақта «Ц» дыбысы,әрпін өтеді екенбіз.<br>Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысамыз.<br><br>Цц | | | | |

Артикуляция ерекшеліктері. Еріндері жымиғанға ұқсайды,тістер көрінеді. Алдымен тілдің арқасы дөңестеніп үстіңгі тістің артына (альвеолаға) көтеріледі,артынан «С»дыбысын айтқандай қалпына келеді. Дыбыс жолдары тыныштанған, тамақ дірілі білінбейді.(дауысы шықпайды).

Сипаттама.Дауыссыз,қатаң дыбыс.

«Ц»әрпін буында қайтала.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ца | аЦ | таЦ | ЦАЦ |
| Цо | оЦ | тоЦ | ЦОЦ |
| Це | еЦ | теЦ | ЦЕЦ |
| Ци | иЦ | тиЦ | ЦИЦ |

**Жұмбақ шеш.(қай дыбыс?)**

Тәттіде жоқ,
Ащыда бар.
Қаттыда жоқ,
Тұщыда бар.(Е.Елубай).

-Ия,дұрыс. «Щ»дыбысы, әрпі екен.

Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысайық. **Жеке айтқызып айтқызу.**



Артикуляция ерекшеліктері. Ерін дөңгеленіп алдыға шығыңқы. Тілдің ұшы үстіңгі тіс артына (альвеолаға) көтерілген.Екі бүйірі үстіңгі азу тістерге қабысқан.Тілдің артқы бөлігі көтерілген. Дыбыс жолдары тыныштанған, тамақ дірілі білінбейді.(дауысышықпайды). Сипаттама.Дауыссыз,қатаң дыбыс

**«Щ»дыбысын сөзде анық,дұрыс айт.**

| | |
|---|---|
| |    <br>Үй тазалайтын щетка тіс щетка киім щетка кілем жуатын щетка<br>   <br>Темір щетка шаш щетка машина терезе жуатын<br>Тілширату<br>Щы-Щы-Щы Щы-Щы-Щы<br>Бұрыш сондай а-Щы ішейік су тұ-Щы<br>Біз бүгінгі сабакта «Ч» дыбысы,әрпімен танысамыз.<br>**Суретпен жұмыс. Сандар туралы түсіндіру. Таң, кеш, түс мағынасын балаларға түсіндіру.**<br>**Қортынды** |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**

**Балалардың жасы: 2-3жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезең:Мамыр айы. 1-2 апта 05.05-16.05.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Балadaғы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар:<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасату.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Жұмбақ шешейік.<br>Жер қатпарын қашайды,<br>Тау да,сай да жасайды.<br>Қышырлатып тістерін,<br>Топырақты шайнайды<br>-Дұрыс. **Экскоаватор.**<br>Ол қай дыбыстан басталып тұр?<br>Демек осы дыбыстың артикуляциясымен танысып өтейік.<br>Ээ<br><u>Артикуляция ерекшеліктері.</u> Еріндері жымиғанға ұқсап созылып тұрады. Тілдің ұшы төменгі тістер деңгейінде жатады, тілінің үсті сәл дөңесті болып келеді. Сыртқа шығатын ауа ешқандай кедергісіз өтеді.Дыбыс жолдары қалыпты жұмыс атқарады, тамақ дірілі байқалады.(дауысы шығады). Сипаттама. Жуан дауысты дыбыс. Текпе қызыл түспен бояладь.<br><br>«Э» дыбысының [illegible] | | | | |

| | |
|---|---|
| | Э-------------К ЭК-ЭК-ЭК ЭКЛ<br>Э-- --------Л ЭЛ-ЭЛ-ЭЛ ЭТЛ<br>Э-------------Ц ЭЦ-ЭЦ-ЭЦ ТЭЦ<br>**XI.**Суреттегі заттарды ата.Олардың барлығы электр тогымен жұмыс істейді.<br><br>**Суретпен жұмыс. Жаз тақырыбындағы сюжеттік суретке әңгіме құрау.**<br>Қорытынды. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Қарақұм»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК**

**Балалардың жасы:2-3 жас**

**Кіші топ: «Балапан» «Айналайын»**

**Жоспардың құрылу кезең:Мамыр айы. 3-4апта 19.05-30.05.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге консултациялық кеңес беру. Жаднама тарату, сауалнама өткізу. Баладағы өзгерістер туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Негізгі бөлім.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасату. Тыныс алу жаттығуын орындату.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**І.Ұйымдастыру кезеңі.а)Бүгінгі күнді хабарлау.**<br>**б)Тыныштыққа шақыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Енді осы дыбыстың артикуляциясымен танысып өтейік:<br>Чч  «Артикуляция ерекшеліктер». Еріндері дөңгеленіп сәл алдыға шығыңқы. Тілдің ұшы қатты таңдайдың алдына тиеді. Тілдің екі шеті жоғары азу тістерге қабысқан. Тілдің үсті аздап көтеріліп тұрады. Іштен шыққан ауа екпінінен тілдің ұшы таңдайдан ажыратылады. Дыбыс жолдары тыныш қалыпта, тамақ дірілі білінбейді (дауысы шықпайды).Сипаттама. Дауыссыз, қатаң дыбыс. Текше көк түспен боялады.<br>**«Ч» дыбысының кескінін сақтап буында анық айт.**<br>ЧА АЧ АЧА<br>ЧО ОЧ ОЧО<br>ЧУ УЧ УЧУ | | | | |

| | |
|---|---|
| **Сауат ашу негіздері** | ЧЫ ЫЧ ЫЧЫ<br>**Суретпен жұмыс. Өткен тақырыптар бойынша жұмыс.**<br><br>**Қортынды** |